

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан төлемдерді жүзеге асырудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 04 шілдедегі N 661 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы

2 1

қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 3 5 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асырудың тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына, басқа да заң актілеріне сәйкес әзірленді.

I. Жалпы ережелер

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан (бұдан әрі - Қор) жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинағы бар алушыларға (бұдан әрі - алушы) зейнетақы төлемдерін төлеу жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда зейнетақы шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Алушының қорға міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін төлеуді қор мынадай жағдайларда жүзеге асырады :

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап - ерлерге 61 жасқа толғанда, әйелдерге 56 ж а с қ а т о л ғ а н д а ;

1998 жылдың 1 шілдесінен бастап - ерлерге 61,5 жасқа толғанда, әйелдерге 56 , 5 ж а с қ а т о л ғ а н д а ;

1999 жылдың 1 шілдесінен бастап - ерлерге 62 жасқа толғанда, әйелдерге 57 ж а с қ а т о л ғ а н д а ;

2000 жылдың 1 шілдесінен бастап - ерлерге 62,5 жасқа толғанда, әйелдерге 57 , 5 ж а с қ а б о л ғ а н д а ;

2001 жылдың 1 шілдесінен бастап - ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 ж а с қ а т о л ғ а н д а .

2-1. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдері былай жүзеге асырылады:

1) төтенше және ең жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда 1949 жылдың 29 тамызынан 1963 жылдың 5 шілдесіне дейінгі кезеңде кемінде 10 жыл тұрған азаматтарға "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

еркектерге - 50 жасқа толғанда және жалпы жұмыс стажы кемінде 25 жыл б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

әйелдерге - 45 жасқа толғанда және жалпы жұмыс стажы кемінде 20 жыл б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;

2) ауылдық жерлерде тұратын, 5 және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге 50 жасқа толғанда аталған зейнетақы жасын 1998 жылдың 1 шілдесінен бастап жыл сайын 6 айға өсіре отырып, бірақ тұтастай алғанда 3 жылдан аспауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.14. N 969 қ а у л ы с ы м е н .

3. Міндетті жарналар есебінен зейнетақы төлеу сондай-ақ алушы ол 55 жасқа толған кезде еңбек қызметін тоқтатқан және жүргізбейтін, міндетті зейнетақы жарналарын төлеу мерзімі кемінде 35 жыл жүзеге асырылады.

4. Қорға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлеу, сондай-ақ оларды кемінде 10 жыл кезеңде жинаған және 55 жасқа толған кезде, ал азаматтардың тізбелерін Үкімет айқындайтын санаттары үшін жас мөлшері 50 ж а с қ а д е й і н а з а й т ы л у ы м ү м к і н .

5. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және Мемлекеттік тергеу комитетінің қорға міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын төлеген қызметкерлеріне зейнетақы төлеу қор еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлеген кезде тиісті министрліктің немесе ведомствоның қаржы қызметі берген зейнетақы куәлігін

көрсеткен кезде жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен.

6. Алушы мыналарға құқылы:

а) осы Тәртіпте көзделген жағдайларда қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

б) өзінің зейнетақы жинағын бір қордан екіншісіне жылына екіреттен жиі емес ауыстыруға;

в) өзінің зейнетақы жинағын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұраға қалдыруға;

г) алушы Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы жинағын толықтай алуға.

7. Алушы зейнетақы шартын өзгерту ниеті туралы қорға хабарлауға міндетті.

8. Қордан төленетін зейнетақы салық заңдарына сәйкес салық салуға жатады.

9. Салық төлемдерінен атқару ісін жүргізу тәртібімен сот шешімдерінің, анықтауларының, қаулылары мен үкімдерінің (мүліктік өндіріп алуларға қатысты), нотариалдық кеңселердің атқарушылық жазбаларының негізінде ұстап қалулар жүргізіледі. Зейнетақы төлемдерінен ұстап қалулар төлемге есептелген сомалардан жүргізіледі. Зейнетақы төлемдерінен төлемге есептелген соманың 50 процентінен артық ұсталмауы тиіс.

II. Зейнетақы төлемдерін жүргізудің тәртібі

10. Алушы осы Тәртіптің 2, 3, 4, 5-тармақтарында көзделген жағдайлар болған кезде қорға зейнетақы төлемінің уақыты мен орны туралы жазбаша түрде өтініш тапсыруы тиіс.

11. Қордан зейнетақы төлеу алушының таңдауы бойынша зейнетақы шарттарына сәйкес:

а) алушының қордағы дербес зейнетақы жарнасы есебінен алушыға қызмет көрсететін банктегі жеке шотқа ақша аударумен;

б) қордың алушыға тікелей немесе алушының нотариалдық куәландырылған сенімхатын көрсетуші адамға ақша төлеуімен жүзеге асырылады.

12. Алушы үшін осы Тәртіптің 2 және 5-тармақтарында көзделген жағдайлар болғанда алушының қорға төлеген міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлеу алушының өтініші бойынша зейнетақы жинағының бүкіл сомасын біржола немесе бөліп-бөліп төлеу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.21. N 1936 қаулысымен.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.15. N 49 қаулысымен.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 873 қаулысымен.

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.21. N 1936 қаулысымен.

Ескерту. 13-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 873

қ а у л ы с ы м е н .

14. Мүгедектікке душар болған жағдайда алушының қорға төлеген ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлеу алушы тұрғылықты жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау органы берген зейнеткердің куәлігін қорға көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

15. Алушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда зейнетақы жинағын алушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткендігін куәландыратын құжатты қорғау көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

16. Алушының зейнетақы жинағын ол қайтыс болған жағдайда қор заңдық актілер белгілеген тәртіпте мұрагерге төлейді.

17. Алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе осы фактіні растайтын құжаттардың негізінде жерлеуді жүзеге асырған адамға қор айлық есепті көрсеткіштің он бес еселенген шегінде, бірақ дербес зейнетақы есебінде бар қаражаттан артық емес мөлшерде біржолғы төлемақы төлейді.